

Мұхтар Мағауин

ҚАЗАҚСЫЗ ҚАЗАҚСТАН

Баяғыда, бала кезімде естіген өзгеше бір сөз қайта-қайта ойыма орала беретін болды. 1951 – бұдан алпыс екі жыл бұрынғы кеп. Мен он бір жастамын, 5-класта оқымын. Кезекті география сабағында мұғалім Америка құрылышын Еуропалықтардың ашуы, жаулауы, игеруі және ондағы құлдық тәртіп туралы әнгімеледі. Менің (болашақ пәленбай деген жазушы) тарихи танымым, әдеби білігім өз жасым ғана емес, өз түсімнан да біршама жоғары еді – орта мектеп оқулықтары бойынша адамзат тарихынан жалпылай дәріс алғам және әлем әдебиетінің қазақ тіліне аударылған елеулі шығармаларын түгелдей дерлік оқып таусықам, оның ішінде Америкадағы нәсілдік жағдай туралы Гарриет Бичер-Стоудың романы да бар. Енді, мұғалім қара түсті зәңгілерді Африкадан тұтқындалап, кемелерге салып, жолай қырылғаннан қалғанын жаппай құлдыққа түсіретіні туралы айтқанда, мен еріксіз бір сұрақ қойып едім. «Зәңгілерді соншама жерден тасығанша, неге жергілікті халық – үндістерді құлдыққа жекпейді?» – деп. Сонда мұғалім айтты: «Отаршылдар үндістерді біржола қырып тастағанды тиімді көрді. Егер оларды аман сақтап, құлдықта қалдыrsa, заманнан заман өткенде өсіп-өнеді, теңдікке ұмтылады, содан соң мына жер – біздің ата-мекеніміз деп куреске шығады, ал келгінші құлдар қаншама жетіссе де, бұл жер менің ежелгі жүртім деп дауласа алмайды. Сондықтан отаршылдар ел иесі байырғы халықты түп-тұяғымен жойып жіберу қажет деп санады».

Әлі күнге қайран қалам. Советтік заман идеологиясына мұлде қайшы, осыншама терең ұғымның тамыры неде? Өзі ойлап тапты ма, әлде кейінде жоққа сайған ұлттық сананың арыдан жеткен жаңғырығы ма. География мұғалімі Төлеуқан Жақыпов – ол кездегі ең басты жоғарғы окуорны ҚазПИ-дің алғашқы толқын түлектерінің қатарынан екен. Алаш-Орда идеалдары әлі көмескі тарта қоймаған кезенде қалыптасқан. Дайын тезисті санаға сіңіру үшін де үлкен пайым, парасат керек. Қайткенде де, қарапайым ауыл мұғалімінің көкірегінде тұнған мұң мен зілдің салмағын кім білген. Ақыры, өзі де отаршыл алапаттың құрбаны болды – арада екі жыл өткенде, дәл іргеде жарылған, қуатты, ең алғашқы сутегі бомбасының зардабынан айықпас сырқатқа ұшыраған ағайындар қатарында шәйт кеткен еді.

Ол – Совет (Кеңес емес!) өкіметінің заманы. Енді Тәуелсіздік аталатын жаңа дәуір. Бірақ бүгінгі Қазақстан өкіметінің (қазір «білік» дейтін болыпты) осындағы байырғы жүрт – қазақ халқына қатысты жүргізіп отырған барлық шаруасы, нақты саясаты мен көпе-көрнеу ішкі пиғылы бұдан екі ғасыр бұрынғы Америка құрылышындағы отаршылардың жергілікті үндіс халқына қатысты төтенше шараларын еске түсіреді. Әлбетте, тікелей, жаппай қырып-жою жоқ, оған мүмкіндік те табылmas еді, әйткенмен, теренген, нақты ойластырған және ішінara

жүзеге асып та жатқан жүйелі қарекеті ешқандай күмәнсіз, ақырат байламдар жасауға негіз береді – қазіргі Қазақстан өкіметі осы ел мен жерді мың жылдар бойы мекендереп келген қазақ халқына қарсы түбегейлі, пәрменді жұмыс жасап жатыр. «Егемендіктің» алғашқы бес-он жылында еппен, жымысқы қымылдан еді, соңғы он жылдықта, оның ішінде кейінгі екі-үш жылда ашық соғыс жариялады.

Енді, жалпы жүртқа белгілі, аз-мұз сауаты бар, тым құрса жарым-жартылай көзі ашық кез келген қазаққа мағлұм бүгінгі ахуалдың ең көрнекі, негізгі жағдаяттарын еске түсіре кетейік.

Осы, «Егемендік» аталатын жиырма екі жыл ішінде:

- ежелгі қазақ жерінің асты мен үстіндегі барлық қазына мен байлық талауға түсті;
- адап еңбек емес, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, заңсыз иелік нәтижесінде жеміт байлар тобы және бар мүмкіндігі шектелген, құнкөріс жағдайының өзі қындаған тақыр кедейлер табы қалыптасты;
- қазақ ауылы қирап, тозып бітті, үлкен шаһарлар төңірегіне қайыршылық пен шарасыздық жайлаған, тұрмыстық қызыметі тапшы, кембағал, қотыраш қалашықтар өсіп шықты;
- белгілі бір әulet, ұйымдастырылған топ, билеуші тап азғана уақыт ішінде кисапсыз байлық, барлық игілікке жеткен жағдайда, ел иесі, жер иесі жалпы жүрттың тұрмыс-ахуалы күн озған сайын төмөндел барады;
- ел ішінде жаппай коррупция, жойдасыз жемқорлық етек алды;
- аса зор көлемдегі және ұсақ-түйекке дейінгі парақорлық үйреншікті, дағдылы тұрмыс кебі ретінде қалыптасты;
- мемлекеттік қызымет, кез келген мансап – міндетті парыз емес, тек қана ішіп-жеу, байлық құрау, жеке бастың қажетін ғана өтейтін тиімді тетік деген түсінік орнықты;
- сот, прокуратура, құқық қорғау, заң мекемелері әділет атаулыны аяқта басып, тек жоғарыдан түскен нұсқау, немесе жеке бас пайдасы тұрғысынан ғана жұмыс жасайтын болды;
- қылмыскердің жазадан құтылуы, кінәсіз кісілердің бас еркінен айрылуы – үйреншікті құбылысқа айналды;
- құдіктің жауапқа тарту кезінде, сottалғаның жазасын өтеу мезгілінде адамгершілікке қайшы әрекетпен азаптау, жанын қинау, тіпті, ұрып өлтіру – совет тұсындағыдан да қatal, гестаполық тәсілдермен үйлес тұтқын тәртібі – әдепкі жағдайға саналды;
- ауыр тұрмыс, заңсыздық пен ұрлық-қарлық, адап еңбекпен мал табу мүмкіндігінің қындығы, бейсаут жүрген кісінің өзінің жеке басының қатерлі жағдайы, арам байлар мен әкім-қаралардың жүгендесіз мінезі – жалпы жүртты аздырып, әділет, адалдық, кісілік туралы ұғымдар аяқ-асты болды;
- үлкендер дүниеден түнілсе, жастар үмітсіз торығу дертіне шалдықты, ақыры, кәмелет жасына жаңа толған, тіпті, толмаған ерендердің өзіне өзі қол жұмсауы – әлемде жоқ деңгейде өріс алып отыр;

- мұлде бейкүнә, немесе қолдененен күдікті жеке кісілерге, халықаралық деңгейде ешбір теріс тізімде жоқ діни, рухани топтарға қарсы, олардың отбасын, жақын туыстарын қоса қамтитын мемлекеттік террор заң аясына сыйғызылды;
- ұлп еткен наразылық, қарсылық атаулы аяусыз жанышталып жатыр;
- оппозиция құғынмен, қудалаумен тозып бітті;
- баспасөз еркіндігі, жиын, ереуіл құқығы шектелген;
- үлкенді-кішілі әділетті сайлау атаулының елесі де жоқ, демократиялық құндылықтар құрғақ сөзбен алмасты;
- ұстем тап – бұрынғы компартиялық номенклатураның әдіс-амалы, ісі мен қүшінің екпінімен Қазақстан шегінде бір ғана кісінің өкімі – сырттан сыпайылап айтылып жүргендей, авторитарлық билік емес, тежеусіз диктатура орнады;
- осында айтылған және айтылмаған қаншама сорақы себептер нәтижесінде Қазақ елі бүгінде бүкіл-әлемдік шикізат отарына, ал Ресейдің еркі кем, бұйдалы, шын мәнісіндегі басыбайлы иелігіне айналды.

Әйтсе де, бұл арада біздің айтпағымыз – мұлде басқа мәселе. Отар елдің де шектеулі, азды-көпті құқығы болады. Отар елдің өзіндегі халық қадарынша тіршілік жасап, өсіп-өніп жатады. Оның үстіне, манадан бері тізбеленіп отырған мәселелер біржакты көрінуі де мүмкін. Дау айтушылар табылады. Ұлангайыр жетістігіміз бар, бізде керемет, бәрі тамаша демек. Өз тарабымыздан үстесек, жалғыз қазақ емес, кез-келген, кірптар кептегі, немесе мемлекеттік құрылым, өркендер дамудың онды жолын таңдай алмаған, артта қалған елге тән сыпат. Әлемде бұдан біршама бұрын еркіндік алғанымен, отарлық, жартылай отарлық бұғаудан шыға алмай отырған, кембағал қалыптағы қаншама жұрт бар. Қорқау өкімет, парақор шенеунік, зансызыңың пен зорлық-зомбылыш, ауыр тұрмыс пен шарасыз тығырық – жалғыз біздің ғана еншіміз емес. Халқының әл-ауқаты бізден әлдеқайда төмен жағдайлар да ұшырасады. Алысқа тартпай, көршілес республикалар – еңбекке жарамды азаматтары ел актап кеткен туыстас ағайындарды еске салайық. Бірақ біздің не Африкада, не Азияда болмаған және болуы да мүмкін емес, атойлап тұрған айрықша бір сыпатымыз бар. Ол – билеуші таптың өз халқына қатысты арам пиғылы және теріс әрекеті. Нақтылап айтсақ, жер иесі, соған орай ел иесі де болуға тиіс жергілікті, байырғы жұртқа қарсы күресі. Одан әрмен анықтап айтсақ – бүгінгі Қазақстан өкіметінің қазақ халқына қарсы, жоспарлы түрде, табанды, әрі дәйекті жағдайда жүзеге асыруға кірісken ең басты жұмысы – әлем тарихы, халықтар шеруінде ұшыраспаған, өзгеше құбылыс. Бірақ ақылға сыймас іс емес. Тұп тамырына бойласақ, занды, табиғи жағдаят деп таныр едік. Бұл арада қазіргі Қазақстан билігі – кешегі Советтік өкімнің жалғасы деп білу – мәселенің бір ғана жағы. Қашанда отаршыл тәртіптің ең негізгі тұрғысы – жер иесі болып табылатын халықты біржола құрту еді ғой. Патшалық Ресей, әсіресе Қызыл Ресей казақ халқына зәбір мен қияннаттың барлық түрін қолданды, ақыры, 1932-

1933 жылдарғы ғаламат ашаршылық нәтижесінде ұлы халықтың сағын сындырды, бірақ қанша қырылса да, қазақ жер бетінен біржола өшпей қалды, сондықтан «Тың көтеру» науқаны ұйымдастырылды, байырғы жүрттың үстіне орысы бар, орманы бар, тағы қаншама халықты әкеліп төкті, сөйтіп, жер иесін елеусіз азшылыққа айналдырыды. Алайда, ақыр түбінде дүние кері төңкерілді, бәрі өзгерді, тек бұрнағы коммунистік билік өз орнында қалыпты. Әуелден-ақ қазақты кемшін санаған, отаршылдың қызметіндегі, қарғылы қауым. Өкім атауы өзгерсе де, ұғым мен таным бұрынғыша. Оның үстіне, жана, төтенше бір түсінік қалыптасыпты. Ұлттық санадан тыс өкіметте жеке бастың пайдасы бірінші орынға шықпақ. Ел мұддесі есеп емес, мемлекеттік түрғы – осы жеке басқа ғана қызымет ететін, сатуға, пайдалануға қолайлы, қажетті тетік қана. Бұл жолда сыртқы қыындықтарды жену оңай – күшті көршінің қалаған, сұраганын бере беру, тіпті, алыстағы алпауыттың өзінің қолын қақпау. Атың абырой тауып, билігің бекі түседі, сырттағы жүртқа сенен жақсы кісі жоқ. Ал ішкі қыындық, соншама елеусіз болса да бар, немесе әженттәуір болып шығуы мүмкін. Оның аты – қазақ дейтін халық. Осы казақты жуасытса, дауысынан айырып, жігерін жасытып, күшін қайтарса, бар мұраты орнына келмек. Сөйтіп, «Егемен» өкіметтің, атаулы, жалғыз кісі емес, компартияның зұлымдық мектебінен өткен тұтас бір қауымның казақ хақына қарсы қауіп-қатерсіз, бейбіт, бірақ қатаң, әрі аяусыз соғысы басталып кетті.

Осы ішкі майданның жалпы жүртқа мағлұм негізгі бір тұргыларын атап өтейік.

Бүгінде билік басында отырған парт-номенклатураның қазақ тәуелсіздігін қажетсімеген, бұрнағы отарлық кепте қалуға жанын салған, алыс-жақын төнірегінен мүлде бөтен, құлдық санасы – Орыс-Совет империясы ыдырай бастаған кезде айрықша көрініс берді. Тұған халқының қаншама қан төккен, жуз елу жылдық мұраты сөз емес. Өз бастары ноқталы болса да, алдында астай, жеке жағдайы тым жақсы. Ақыры, Балтық пен Украина тұрыпты, іргелес Орта-Азиялық елдер, оны айтасыз, империя ұйытқысы Ресейге дейін өз тәуелсіздігін жарияладап біткен кезде, қақаған қыс, иен жүртта қалған Қазақ ССР-ының сатымсак өкіметі мен қуыршақ Жоғарғы Кенесі амалсыздың күнінен «Егемендік» алуға мәжбүр болды. Бұл екі ортада Мәскеумен аралықта қандай келіссөз атқарылғаны әзірше жабық тұр, кейін архивтен «Біз Ресей құрамында қалғымыз келеді» деген ғарызнама-өтініш шығып жатуы да ғажап емес, оның айқын мысалы – жаңадан туған республиканың қаншама ай бойы рубль аймағынан кеткісі келмеуі, яғни, Ресейге тәуелді қалатын экономикалық бірліктен айналауы дер едік. Ақыры, бұл кіріптарлық талап та қабыл алынбады, Ресей біздің жандайшаптарды рубль аймағынан теуіп шығарды, бұдан соң, төл тенгеміз айналымға түскенше, бұл кезде өз жүрттында қолданудан қалған Ресей рублі вагонымен, составымен келіп, бүкіл Қазақстан ахуалына қаншама зиян тигізгені мәлім.

Өз ақшамыз шықты, бұл – тәуелсіздіктің ең көрнекі, нақты белгісі деп, қуанышмызың қойыннымызға сыймады. Бірақ арада бес-он жыл өтер-

өтпесте осы ұлттық теңге Егемен өкіметіміздің көзіне жын болып көріне бастады. Банкноттар бетіндегі Абылайдың, Абайдың, Шоқаннның, Құрманғазы мен Сүйінбайдың суреттері жоғалып, барлық жаңа ақша бұрынғы бір тәнгеліктे бедерленген Фараби бейнесімен алмастырылды. Бұл жағдай – әуелдегі үш тәнгеліктен жүз тәнгелікке дейінгі банкнот құнсызданып, айналымнан түскен себепті деп түсіндірлді. Әлбетте, Фараби де қазақтан алыс емес, ортағасырлық Отырардан шықкан түрік, сонымен қатар әлемдік тұлға, араб мемлекеттерінің акшаларынан да көрініс тапқан, ендігі қазақ теңгесіне де жарасып тұр, бірақ Абайдың және басқа алыптарымыздың бейнелері де таңбаланса қайтер еді? Болмайды еken. Мұны аз десеніз, жаңа ғасыр шегінде қазақ теңгесінің бетінде сандық бағасын айғақтаған жазу орыс тілінде де жазыла бастады. Яғни, бүкіләлемдік отар, оның ішінде Ресейдің атаусыз боданы мәртебесіне жеткен елдің шартты ақшасында айқын ұлттық нысан болмауы қажет еken. Тәуелсіз ел емессің, асып кеткенде Ресейдің бір бөлшегісің! – деген қағида, қатаң ескертудің әуелгі бір, нақты, көрнекі айғағы.

Осы тәнгенің ұлтсыздануымен қатар, өмірдің барлық саласында да Қазақ елін тұтасымен ұлтсыздық кебіне түсіру – пәрменді, жоспарлы науқанға айналды. Сыпайылап айтқанда. Бәрін түгел таратып, бажайлап тізбелесек, тұтас бір кітап, әлденеше кітап жазылар еді.

«Егемендік» заманның алғашқы құндерінен бастап-ақ халықтың ақыл-ойы, жан-жүйесі, қорғанышы мен қамқоры саналатын ұлт зиялышарына қарсы, құні бүгінге жалғасып келе жатқан былғаныш науқан басталды. Бұл кезде баяғы Колчак айтқан бас көтерер бес жүз қазақтың саны еселеп есіп, әлденеше мыңға жеткен. Тайлыш-тайғы, тұп-тамырымен түгелдей құртып жібере алмайсың, сондыктан өрісін тарылтып, тұқыртып ұстау саясаты іске қосылды. «Зиялыш қауым дегеніміз – зиянды қауым!» – деген жәдігөй ұран шығып, оған жалбагайлар мен далбақайлар қосылып, баспасөз бетінде тұра жиырма жылдық науқан ұйымдастырылды. Бұл, бүгінгі сатымсақ өкімет үшін шынында да зиянды қауымның ең қомақты бөлігін – ғылыми интеллигенция құрайтын. Енді университет профессорының айлық ақысы – апталық көжесіне жетпейтін болды. Қатардағы ғылым кандидаттары мүлде тапшылық жағдайда қалды, кейінгі талапкер жастардың бары – ғылымнан кетіп, жоғы – бұл жаққа жуымайтын болды. Көп ұзамай-ақ Ғылым Академиясы таратылды. Құрметті академиктерге алданыш стипендия тағайындалды. Осы екі жағдай – Жоғарғы оку мен Ғылым Академиясының жұтқа ұшырауы – саналы жас үрпақ, білімді маман тәрбиелеу ісінің ақсауымен қатар, Қазақстандағы ғылым атаулының дағдарыс, тоқырауы ғана емес, кері кетуі, уақыт оза келе мүлде дерлік жойылуына ұласты. Бұл – бір оқпен атылған екі қоянның алғашқысы ғана. Екінші қоян – ғылым-білім төнірегіндегі, танымы кең, қеудесі зор, қашанда үлкен құрметті болған оқымысты қауымның ұжымдық құрылымы жойылып, бар тіршілігі сұрықсыз, қораш жағдайға түсіп, ғылым ғана емес, саясаттан да аулақтап,

халқының сөзін сөйлеуден қалуы, ұлкендері шаршап, өліп-жітіп, кішілері қажып, түңіліп, қогам өмірінен шеттеуі деп білейік.

Советтік заманда ұлттық партия қызметін атқарған, қаһарлы желтоқсан оқиғаларының кезінде де халқының мұн-зары мен ашу-ызасын білдірген Жазушылар Одағы да осы кепке ұшырады. Аты бар да, заты жоқ. Бұрын жазушылар кітап шығарып ақша алса, енді кітабын шығару үшін ақша төлейтін болды. Осы, әрен-пәрәң кітаптың өзінің таралымы жоққа жақын – бір мың, екі, үш мың. Қаламақы туралы айтудың өзі әдепсіздік саналады. Қазақ кітабы ешқандай қосымша пайда түсірмейді екен. Бұл кітап Совет өкіметінің алғашқы елу жылында да ешқандай пайда түсірмеген, бірақ сол замандағы аға жазушылар қап-қабымен ақша алған. Біз көрген соңғы жиырма бес жылда да қаламақы бұрынғыға жетпегенімен, әжептәуір болды, бірақ тақыр-таза зиян, яғни басып шығару үшін қыруар төлемі бар өлең кітаптарына тоқтау қойылмады, прозаның есебінен жабылатын, осында, шығыны мол жинақтар шығарып жатқан ақындардың қаламақысы – түсімі көп прозашылардан артып та кететін. Егер баяғыдай елу-алпыс мыңмен шыгарса, бүгінгі кітап та көп түсім берер еді. Ұлттық мәдениет, оның ішінде рухани қазына санатындағы көркем әдебиеттің мән-маңызы ақшамен есептелмейтінін айтып жатудың өзі артық. Аз ба, көп пе шығын жұмсалып отырған оқу, тәрбие жұмысы, сот пен полиция, тіпті, экімшілік, басқару мекемелері, ең аяғы, бүгінгі қолжаулық парламентің мемлекет қорына көпе-көрнеу санап беретін қандай қаражат құйып отыр екен. Мұның бәрі есеп емес. Ең бастысы – жазушылар қауымын жаңыштау, бар дауысынан айыру, алаш жүртynna ықпалын жою болатын. Сонымен, жиырма жыл орайында алдынғы ақсакалдар кетті, оған жалғас қарасақалдар қожырады, кейінгі жастар үйсіз, күйсіз, кітапсыз, жалаңақ жағдайға түсті, күн көсемді мадактап өлең-жыр жазған, өкіметтің барлық саясатын қолдаған бес-алты сатымсақ жазарман болмаса, қалған қауымның бар дерті ғана емес, көшілік жазуы да ішке түскен, күнкіл әңгімесі кухнядан аспайтын жағдайға жеткен.

Оқымысты, шығармашы жұрт – бүкіл зиялы қауымның дүниеден түңілмес қисыны жоқ. Халқына дауысы жетпейді, беделі кем, абыройы шамалы. Бүгінгі өкімет ақылын алмайды, айқайын естімейді, бәрін керісінше, өз қалауымен жасап келеді.

Біз зиялды қауымның әрқылы ахуалын, қогам өмірінен қалай шеттегенін айтып отырмыз. Мұның бәрі тұған халқының кембағал жағдайдағы ауыр тұрмысымен салыстырғанда түк те емес. Ауылдағы жаппай жұмыссыздық, қалалы жерге жеткен жастардың жүкші, арбашы, кунделікті жалдамалы кебіндегі сұрықсыз өмірі, қажымас қазақ әйелдерінің қара базарды жағалаған қалт-құлт тіршілігі – барды саусақпен санап, жоқты түгенден біте алмайсыз. Жиырма екі жылдық жаңа отар жағдайында бүкіл қазақ жүртynna мінез-құлқы өзгерген, дүние танымы басқа бір арнаға түскен, ниет-пиғылы бұзылып, бар мұраты тек қана күнкөріс қамына тірелген. Мұны аз десеніз, «тәуелсіздік танының» дүние тарыла бастаған алғашқы жылдарының өзінде

«Қазақтың жауы – қазақ!» – деген ұран көтерілді. Театр сахнасынан баспасөз бетіне көшіп, құнделікті, жалпы жұрт аузындағы лепеске айналды. Бұл ретте біздің шалағай артистеріміз бен шаласауат журналист, жалбагай жазушыларымыздың еңбегі айрықша болды. 90-жылдардағы «Ана тілі», «Жас алаш» газеттерінде және «Жұлдыз» журналынан басқа барлық басылымдарда ең басты ұран болған, бұралқы ғана емес, ұлттағдыры үшін мейлінше қатерлі қағиданы әуел баста жеке бір кісі ойлап тапты дегенге күмән келтірем. Жоғарыдан түскен нұсқау – жандайшаптар көтеріп жіберген, санасыз тобыр одан әрмен қоздатып әкеткен. Қайткенде де, қазақ қоғамының іріп бара жатқан, азып, тоза бастаған өтпелі кезеңіне тән көрініс болатын. Ойлап қарағанда, бұл ұраннан жалғыз-ақ қорытынды шығар еді. Қара қазақ біріне бірі жау болғанда, биік мәртебелі өкіметің неге қарауындағы халқына дос болуы керек?! Сендер бірінді бірің түтіп жендер, бәрінді қосып, тәбеті тәуір өкіметің жәукемдесін. Шынында да солай болып шықты.

Егемендік межесі бес-алты жылға толар-толмаста қазақтың атамекен жерін сату туралы мәселе күн тәртібіне қойылды. Халықты жана бір игіліктің артықшылығына үндел, әр тараптан пікір тартқан дүдемал оспақтан соң, сырттай, тезінен дайындалып, үкімет қостап, алғашқы оқылымы парламентте мақұлданып та үлгерді. Осындағы сұмдық хабар естілісімен, қазақ зиялышы түгел көтерілген еді. 1999, шілде айы болатын. Жазушылар одағының мәжіліс залында бүкіл шығармашылық ұйымдардың, ғылыми интеллигенцияның ең беделді өкілдері бас қосып, бір ауыздан қатаң қарсылық айттылды, сойленген сөздің біразы және арнайы қарар республикалық баспасөз бетінде жарияланды. Сонымен тоқтау болып еді. Эйткенмен, арада үш жыл өтер-өтпесте парламент жер сату туралы мәселені төтесінен, қайта көтеріп, бүкіл-халықтық талқыға салмастан, қайрылmas шешім қабылдапты. Жер сатылды. Қазақ халқының арғы ата-бабадан бері, мындаған жыл бойы иеленген, төңіректің төрт бұрышынан анталаған жаумен қайтпай қаржысып, қисапсыз қан төгіп, кейінгі ұрпағына мирас еткен жері. Бұл – бүгінгі Назарбаев өкіметінің қазақ халқына қарсы жасаған құмыстарының ішіндегі ең сұмдығы болатын. Жер сатылды. Табанымыздың астындағы жалғыз тиянақ. Кім алды, не қалды? Қазір бізге шет жағасы ғана мағлум. Ежелгі қазақ топырағы қолы жеткен, нақтылап айтсақ, Елбасы бастаған өкіметімізге көмектес, сыйайлас, жаны жақын, жат жұрттық қорқаулардың талапайына түсті. Ежелгі Қазақ елінің ең құнарлы өнір, ең қүйқалы қоныстарының қаншасы атаңың өзі атын естіп білмеген жалмауыздардың иелігіне кесілгенін бүгінгі біз білмесек те, кейінгі заман айқындан береді. Адамзат тарихында неше түрлі дарынсыз, ақымақ, жалтақ, тауансыз, тіпті, ақылесі кеміс, есалан патшалар болған, алайда елімен қоса жерін де сатып жіберген ғажайып кеменгер патша біздің қазақтың ғана еншісіне бұйырыпты.

Таң қаларлық ештеңе де жоқ. Жер сатылып, оның асты мен үстіндегі бар байлық жат жүрттардың үлесіне беріліп, яғни түгел төңірегінің көнілін тауып, әбден күшейген соң, Қазақстан аталатын республиканың

президенті болып отырған Елбасы және Ғасыр ғұламасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақта бұдан бұрын мемлекет болған жоқ!» – деп жариялады. Әуелде қақас естідік пе деп едік. Жеті-сегіз жыл орайында, ең биік мінберден әлденеше рет қайталап пысықтады. «Мемлекет болған жоқ, шекарасы да болмады». Жаңалық емес еді. Одан көп бұрын Солженицын айтқан. Солженицыннан соң Жириновский неше мәрте шегелеген. Біздің жаңалық – мұндай сорақы сөздің осы елді басқарып отырған кісінің аузынан шығуы болатын. Бір қызығы, бүрнадан белгілі кеп болғанымен, ешкім де Назарбаев Солженицынды қайталап, Жириновскийге үн қосып отыр деп ойламады. «Осы тәуелсіздікті бізге өз қолымен алып берген» Құн көсем: «Бәрін де мен жасадым», – деп тұр, қайткенде де артық кетті деп түйді. Алайда, Ғасыр ғұламасының атаулы лепесінің мән-мағынасы мұлде басқаша болатын. Аланғасарлық та, анқаулық та емес, теренцен толғаған, алды-артын байыптаған нақты тұжырым. «Қазақта мемлекет болған жоқ, яғни алдағы заманда болуы да шарт емес; өзім құрған мемлекетті өзім тарата алам, патшалық заманымда не қылсам да орынды, занды», – деген кеп. Ал енді, мемлекеті болмаған елдің тарихы бола ма? Тақау көршілермен шекарасы болмаған жұрттың өзіне тиесілі қоныс, мекені бола ма? Тарихты, жер иелігін айтасыз, өзіндік халқы бола ма? Жоқ, жоқ және жоқ! Қазақ деген халық жоқ. Атап айтылmasa да, дәп осында қорытынды шығады. Бар болса да, құнсыз, елеусіз тобыр.

Болмаған мемлекеттің өткенін, жоқ тарихты тексеру, зерттеу қажет пе? Қажет емес, мүмкін де емес. Атаулы қағидадан кейін, тіпті, одан көп бұрын қазақ тарихын тануға бейресми түрде тиым салынды. Жоқ мемлекеттің алғашқы екі ханына Астанада орнатылуға тиіс және дайын тұрған, жап-жақсы, көрнекі кейіпті ескерткіш, төңірегіндегі жауынгер серік бейнелерімен қоса, әлдебір қоқысқа тасталып, оның орнына жаңа, шынайы тарихты бастаушы Алып Тұлғаның мүсіні қойылды. Ал Алматыда, бұдан жиырма жыл бұрын белгіленген, 1932–1933 жылдарғы алапат ашаршылық құрбандарына арналмақ ескерткіш баяғы жатаган, мұқыл құлыштас қалпында тұр. Оны айтасыз, қазақ халқын орны толмас апатқа ұшыратып, әлемдегі ең үлкен халықтар қатарынан шығарған коммунистік геноцид, оның себеп, салдары жөнінде айтудың өзі орынсыз саналатын болды. Жұз елу жылдық орыс және орыс-совет отаршылдығы туралы сөз қылуға рұқсат жоқ. Коммунистік басқыншылықтың жаңа кезеңі – «Тың көтеру» науқаны әлі қүнге мадақталып жатыр және өткенде пәленбай жылдығы өкіметтік тұрғыдан арнайы аталды.

Қазақтың есептен шығарылуының, бұрын болмаған мемлекеттің қазір де елесі жоғының ең айқын мысалы – «Бір жұз қырық ұлт» теориясы. Мән мағнасы: қазақ – атаулы республика шегіндегі жеке-дара жұрт емес, осы елде «шат-шадыман тұрмыс кешіп, ынтымағы жарасқан» 140 халықтың қатарындағы қауым деген ұстаным. Қазақ – өз ата-жұрттында мемлекет құруши, жетекші халық емес, көптің бірі деген сөз. Әлбетте, Қазақстан азаматы саналатын адам атаулы, ұлтына, нәсіліне қарамастан, тең құқықты. Және бұл тендік қазаққа да тиесілі. Азаматтық

тұрғыда кісінің кісіден артықшылығы жок. Бірақ бұл арада кілтипан – байырғы жүрттың ұлттық статусы туралы. Сен – жер иесісің, әрі басқалармен салыстырғанда, өлшеусіз көпсің. Алайда, ата-баба мекенінде тұрғаның есеп емес, ал көптігің – елеусіз жағдай екен. Елеусіз ғана емес, қажетсіз, тіпті, қатерлі кілтипан. Егемен өкіметімнің ұғымынша, қазақ өзінің өгей отанында көвшілік болмауға тиіс.

Осыған орай, егемен саясатымыз 2009 жылғы, ресми соңғы санақ көрсеткіші – республика шегіндегі қазақ халқының ұлес салмағы 67 пайыздан астам дейтін, жалпы жүртқа хабарланып қойған бастапқы деректі әуелде Назарбаевтың аузымен 65 пайызға түсірді, осыдан соң 65-тің өзі көп көрініп, 63 пайызға дейін төмендетті. Шындығында, осы «алпыс үштің» өзі – қыруар сан, қазақ – республика қолеміндегі қарасыны басым, жетекші ұлт деген сөз. Балтық бойындағы, алғашқы күндерінен бастап шын мәнісіндегі тәуелсіздік орнатқан үш елдегі байырғы халықтың ұлес салмағы да әзірше осы 63 пайызға жетіп, жетпей жатыр. Алайда, біздің отансыз, ұлтсыз өкіметке елдегі жалпы жүрттың үштен екісіне жуығын құрап отырған 10 миллионнан астам халықтың өзі бәкене көрінеді. Бәкене көрінбесе де, солай деп саналуға тиіс екен. Қалған қуысты 129 ұлт және «ұлыспен» тығындалты. Жиыны – 130 халық деп қойыныз. Оған да тәуба, бұл 130-дың ішінде қазақ та бар, қапелімде ұмытып кетпеген. Содан бері төрт жыл өтті. Манағы ұлттар мен «ұлыстар» өз ішінен балалап көбейіп, 140 деген жуан санға жетіпті. Яғни, қазақтан басқа тағы да 139 ұлт пен «ұлыс». Енді есептеп қараңыз. Ең соңғы, жаңа дерек бойынша, биылғы, 1213 жылдың орта шенінде республика халқының жиын саны 17 миллионнан асқан. Оның тура 11 миллионы – қазақ, жалпы жүрттың 65,2 пайызы. Бұдан соңғы ең ірі халық – орыс, 21,8 пайыз, одан кейінгі өзбек – 3, украин – 1,8, ұйғыр – 1,4, татар – 1,2, неміс – 1,1 пайыздан. Бұларға жалғас кәріс – 0,6, түрік – 0,6 пайыз тартады екен. Қазақпен қоса жаинақтап келгенде, осы азды-көпті ұлесі бар он халық – бүкіл республика жүрттының 96,7 пайызын құрайды. Сонда қалған 130 ұлт пен «ұлыстың» ұлесі – 3,3 пайыз ғана болып шықпак. Бұлардың ішінде бес-он мың, бірер мыңы тұрыпты, бес-алты, тіпті, екі-үш-ақ кісіден тұратын «ұлттар» мен «ұлыстар» бар. Өкіметтік ұйымдар іздел бармаса, тірі жан түрін көрмеген 5 чукча, 4 нивх, 3 нганасан, 2 юкагир, 1 айн деген сияқты. Енді Тынық мұхит аралдарынан, Орталық Африка мен Амазонка жыңғылдарынан жалғыз-жарымдап тағы он, жиырма, тіпті, арам ақшамыз жетіп тұр, қырық-елу көз әкелсек, бүгінгі Қазақстан 200 ұлт пен «ұлыс» тату-тәтті, береке-байлықты, шат-шадыман тіршілік кешіп жатқан ұжмақ өлкесіне айналар еді. Осындай, кулкілі емес, соракы жағдайларға қарап тұрып, бүтінгі Қазақстан өкіметін ұстап отырған алыптардың ақыл-есінің түзулігіне күмән келтіресін. Әлгіндей есепке салсақ, бұрнағы әлемдік империяның ұйытқысы болған Ұлы-Британияда кем дегенде бір, екі мың, бәлкім, жер бетін жайлаған әлде үш, әлде бес мың халық түгел бар болып шығар еді. Ал Франция мен Германияда бес-алты жұз бен мың-мың жарымның аралығында. (Осы үш елдегі соншама жүрттың ішінде біреу, екеу, үшеу емес, әлденеше жұз,

бәлкім, бірер мындан астам қазақ та бар.) Осыған орай Ұлы-Британия – әлемдегі барлық жүрттың отаны, Франция – бес жүз халықтың мекені, Германия – жеті жүз «ұлыстың» иелігі деп дабырлаған мактанды естілмейді. Алайда, жаңа ғана айтқан, ақыл-естің бүтіндігіне күмән – орынсыз. Дәл осы мәселеде өкіметімнің мыйы шылқып тұр. Есеп те нақты: Қазақстан – қазақтың емес, осындағы 140 жүрттың ортақ қожалығы, қазақ мұндағы барлық байлық пен игіліктің жүзден бірдене бөлшегіне ғана еншілі дейтін сұрқия қағида. Бұл – берідегі, сыртқы перде. Шын мәнісінде Қазақстан – қазақ үшін күт мекен, туған отан болудан қалған.

Осы, «ынтымағы жарасқан 140 ұлт пен ұлыс» қағидасының негізінде құрылған «Қазақстан халықтарының ассамблеясы» шын мәнісінде үй ішінен үй тігуге, осы халықтардың бірлігіне емес, айырымына қызымет қылып отыр. Жергілікті жүртқа бөтенсің, өз бетіңше тіршілік жаса деген сарын. Осы уақытқа дейін Ассамблея қазақ мұддесіне, қазақ тіліне қатысты ешқандай мәселе көтеріп, мәлімдеме жасап көрмепті. Керісінше, атаулы ұйымда басшылық қызметте болған кейбір азаматтардың қарақасқа шовинистер тобынан табылған мысалдары бар. Сонымен қатар, қазақ мұратына жат, өкіметтік ұстаным қалған барлық ұлтта байырғы жүртқа қарсылық, жек көру ынғайындағы түсінік туғызып жатыр. Назарбаев болмаса, қазіргі қатаң тәртіп болмаса, бұл қазақтар орыстан бастап сойқан салып, ұйғыр мен кәріс, күрд пен әрмен – тағы қаншама жүртты түгел қырғынға ұшыратпақ екен. Сондықтан да қазақты басып ұстау керек дейтін қисын.

Міне қараңыз. Осы он жеті миллионның ішіндегі ең хақысы кем жүрт кім? Қазақ. Бұл жағдай өмірдің барлық саласында атой салып тұр. Құнделікті көрініс қана емес, бұлжымас зан. Мәселен, екі жас – қазақ пен ұйғыр (шешен, күрд, кәріс, чукча...) төбелесіп қалсын. Мұндай жағдай тұрмыста болып тұрады. Орыс пен орыс, ұйғыр мен ұйғыр, кәріс пен кәріс, тіпті, қазақ пен қазақ та жанжалдасып жатуы мүмкін. Әсіресе, қазіргі, жүрттың бәрінің терісі тарылған заманда. Біреуі кінәлі, немесе екеуі де жазықты.. Ал бізде ғажайып әділдік орнады. Қандай жағдайда да қазақ кінәлі деп танылады. Әлгі қожайын ұлттың қолынан кісі өлсе де есеп емес. Жанжалды кім бастаса да, қазақ айыпты. Оның ішінде манағы атылып, пышақ салынып, тепкіленіп өлген марқұмның өзі қылмыскер танылуы мүмкін. Ал тірілер – таяқ жеген, көзі шығып, қолы сынған қазақтар әділ сottың алдында жеңіл-желлі емес, қатаң жазаға – пәленбай жылдық тұрмеге кесіледі. Бұл қалай деп ара түскен көлденең жүрт түгілі, ақиқатын жазған баспасөз өкілдерінің өзі қолма-қол жауапқа тартылماқ. Нәтижесінде, жергілікті қазақ өзінің адамдық құқығын қорғай алмайтын мұсәпір халге жетті. Тек қылмыстық істерде ғана емес. Құнделікті өмірдің, тұрмыстың барлық саласында. Қазақстанда тұрып жатқан, азаматтық хақысы артық кез келген ұлт пен «ұлыс» өкілі байырғы қазақты қалай қорласа да айыбы жоқ. Ал қазақ қыбыр етіп көрсін, тіпті, кара күш емес, сыпайы сөзге жүгінсін – ұлт араздығын қоздырған қылмыскер болып шығады. Қазақты жәбірлеу, оның ұлттық намысын аяқтау, өткен тарихын, тілін, мың жылдық мәдениетін, ұлттық

құндылықтарын жоққа санап және былғап, былапыттау – Қазақстан шегінде шығып жатқан, дәйексіз электрондық құралдарды айтпайық, тасқа басылған газет-журналдар бетінде үйреншікті құбылысқа айналған. Қой деп айтатын, тыым салатын өкіметің жок. Қайта керісінше, тарихы жоқ, мемлекеті болмаған, яғни екі аяқты адам атаулыға тән жетістік пен иғілік атаулыдан жүрдай деп, бәрін қоздырып отырған осы «Егемен» өкіметің, оның Құн көсемі мен жандайшап қосшылары емес пе. Жат жүрттық отандастар сенің қазір де жетісіп кеппегенінді көзімен көріп отыр. Егемен Қазақстан республикасында қазак тілінде толық хабар беретін жалғыз теле-арна жиырма жыл өткенде әрән ашылды, әйтеуір өз тілінде сөйлеп түр демесең, аузы қисық, көзі қитар.

Қазақ рухани тұрғыда, тұрмыс ахуалындаған емес, заң алдында да кемшін жағдайға түсірілді. Қебіне-көп қазақтығынан басқа жазығы жоқ. Сонау 1918–20 жылдардағы сияқты, ешқандай тергеу, тексерусіз, жекелеп те, тобымен де атып тастауға болады, бала-шағасы, үй-жайымен қоса, түгелдей өртеп жіберуге, іргетасымен бірге жарып, қопарып, аспанға ұшыруға болады; террорист еken дейді, бірақ айғағы да, дәлелі де жоқ, және бұл қарусыз азамат, қорғансыз бала-шаға, қатаң-қалаштың жөнжобасы мүлде айтылмаған қүйінде қалады. Бар кінәсі мешітке барып, намаз оқытын, тіпті, бейсауат, өз бетінше жүрген мұндай террористерді кейде тобымен ұстап, отыз-қырық, он бес-жиырмадан сottap жатады, сот мәжілістері жабық өтеді, үкімі қatal – он жылдан жиырма бес жылға дейін, баяғы Советтік Үлкен террор кезіндегі «жапон шпиондары» тәрізді. Соңғы үш-төрт жыл орайында әлденеше отбасы үй-жайымен қоса жарылып, кем дегенде екі жүзден астам «террорист» қатаң тәртіпті түрмеге тығылды. Ең ғажабы, осыншама содырлар жайланаған Қазақстанда әлі күнге бір де бір атаулы террористік шабуыл болмапты. Әлбетте, біздің қырағы чекистер алдын алып жатыр ғой. Өкіметім солай деп сендіргісі келеді. Алайда, ақымақтың өзіне түсінікті жағдай. Мұның бәрі – қазақты жаныштау, үркітіп, қорқытып қою, бар еркінен айрылған көнбіс, исалмас тобырға айналдыру әрекеті ғана. Ақыры – Жаңа-өзен. Міне, біздің қаһарман қорғаушыларымыздың бауыры жазылып, бусана атқан күні. Эйтсе де, бар арманын түгесе алмаған сияқты. Кез келген сэтте әлденендей наразылық білдіріп, бас көтерген жүртты жамсатып салуға дайын отыр. Жүрт болғанда – тек қазақты ғана. Актөбеде, немесе Атырауда бір орысты атып көрсін. Алматыда әлдебір үйғырдың, Шымкентте қайсы бір құрдтің мұрны қанап көрсін. Егер Маңғыстауда ереуілге шықкан, тіпті, шықпаған, көшеде жай ғана серуендереп жүрген бес орыс болса, біздің сүйікті өкіметіміз мылтық атпақ түгілі, таяғын көтермес еді. Егемен билік үшін ең қатерлі жау – қазақ болып түр. Заңнан тыс, сондықтан да қорғансыз, не істесең де қарымтасы, қайтарымы жоқ деп біледі.

Жерді сату, қазақтың бар байлығын талапайға түсіру – қаншама ауыр ахуал болса да, ел-жүртіміз – қазақ аталатын халықтың іргесі бүтін ғой дедік. Өкімет жаулық райынан қайтпаса да, халқымыз ес жияр, өсіп-өніп, көбейіп, ақыр түбінде өзінің еншілі сыйбағасына қол созар дедік.

Сөйтсек, туған халқынан егемен, төнірегіне түгел тәуелді өкіметіміз бұл жағын бізден бұрынырақ ойлап қойыпты. Қазақ халқы кембағал жағдай, қайыршылық тұрмыс үстінде ұрпақ өсірмеуі, өнбеуі, өз жұртында басым көпшілікке айналмауы қажет екен. Халық санағының әуелгі, ресми нәтижесін бұрмалау, яғни, өз республикасының шегіндегі қазақтың жиын санын мүмкін болғанынша кемітіп көрсету – бұл саясаттың аңдаусызыда сыртқа шығып қалған бір ғана белгісі екен. Енді, анық қатер қаупін аңдаған соң егемен өкіметім ашық, пәрменді әрекетке көшті. Қайткенде де Қазақстан шегіндегі қазақ көбеймеуі керек!

Бұл зұлымдық пиғыл осыдан жиырма жыл бұрын көрініс берген. Қазақ халқы тәуелсіздік альпты, өзінің ұлттық туын көтеріп, байырғы мемлекетін жаңғыртып, қайтадан еңселі ел болыпты деген қуанышты хабар, бүкіл әлемге таралған нақты айғақтан соң, шеттегі қазақ атаулы тарихи отанына оралуға асықты. Алғашқы қуатты толқын – ұлы көш Монғол ұлысының тарабынан басталды. Келесі кезекте Қытай Халық республикасындағы байырғы қазақтар тұрды. Бұрнағы Советтік республикалар – жақын көрші Өзбекстан, оның ішінде автономиялық Қарақалпақ және Түркменстан, тіпті, Ресей Федерациясындағы қандастар түгелдей дерлік елеңдеп отырды және бірталай жүрт алды-артына қарамай, ата жүртқа көше бастады. Егемен өкіметіміз ауыр жағдайда қалған еді. Жақтырмаса да, тоқтау сала алмайды, өздерінің өкімі әлі де берік бекіп болған жоқ. Бірақ ұлы көшті тоқтатпаса да, тасырқатып, бөгеп, кесел келтіруге бет бұрды. Көшіп келген оралман жүртттың алдына жүз сан тосқауыл қойылды. Уақыт озған сайын жағдай женілдеу орнына қыындей берді. Өкіметіңің өзі ұнатпай отырған панасызың кім басынбас. Сүйретпе сұлтаулар, көпе-көрнеу зорлық, ар-ұят, адамдық намысты қорлайтын әрқиыл әрекет үстіне қисынсыз парашуарлық қосылды. Қазақстаннның азаматтығын алу – қияметтің қыл көпірінен өткенмен бірдей жағдайға жетті. Соған қарамастан, оралмандар тасқыны арта тұсті. Ежелгі ата-жүртқа орнығып, болашақ ұрпағын өз елінің тағдырымен қосуға ниет еткен жанкешті қазақтардың көрген қыындығы, естіген балағаты, ауыр тұрмысы жалпыға мәлім, қайсы бірін санап бітерсіз. Өкіметтің ресми, жауапкер тұлғаларының әр кездегі аңдаусыз, немесе есеппен айтылған, қазаққа ғана қарсы емес, адамгершілікке қайшы сөздері мен былғаныш істері тарих бетінде таңбаланып тұр. Осының бәріне қарамастан, ұлы көш саябыр тартса да тоқталмады. Енді міне, 2009 жылғы санақтың жан шошырлық қорытындысы – қазақ 67 пайызға жетіпті!.. Сұмдық қой. Егемен өкіметім жандармен төтенше амалдар ойластыра бастады. Бірақ қазаққа қандай қысас жасаса да, айтарлықтай нәтиже бермей жатыр. Ақыры... міне алақай, Жаңа-өзен көмекке келіпті. Өкіметіңің көктен тілегені аяқ астынан шықты. Атты, азаптады, түрмеге тықты. Қорқытып, үркітіп, қазақ рухын біржола жаныштағандай сезінді. Бірақ ең басты нәтиже, Жаңа-өзен қырғынының ең мәуелі жемісі – оралман мәселеі болып шықты. Кеше ғана, Совет Одағының құрамында бірге жасаған, осы Манғыстау өнірімен көршілес Түркменстаннан келген аталас қауым – басқа бір планетаның тұрғындары сияқты. Біз шырқап

алға басып кеткенде, бұлар жабайылар елінде қалған, сауатсыз, санасыз, содыр. Бәріне осы оралмандар кінәлі. Тек Маңғыстау өнірі ғана емес, Қазақстанның Тұстігі мен Шығысы, Орталығы мен Батысына Монғолдан, Қытайдан, Ресей мен Өзбектен келген оралман атаулы – біздін Қазақстан мемлекеті, шындығында Егемен өкіметіміз үшін айрықша қатерлі дүшпан екен. Сөйтіп, оралман мәселесі түбегейлі шешіліп, әрқылы тарихи жағдайда шетте қалған қазақтың ата-жұрт, атаулы республикасына қайтып келуіне тоқтау салынды. Міне, екі жыл болды. Тәрізі, мәңгілік тиым. Егер бүгінгі, туған халқынан біржола егемен өкіметім мәңгіге болмаса да, тақаудағы бес-он жыл осы орнында тұрса, іс аяғы құрдымға кетпек. Мақсат, себебі біреу-ақ – қазақ халқы Қазақстанда басым көвшілікке айналмауы керек! Осындаі, нақты есеп. Қазаққа қарсы, адамгершілікке шет әрекет екені көпе-көрнеу. Бірақ мениң құрдасым, Ғасыр ғұламасы, әлемде теңдесі жоқ саясаткер Нұрсұлтан Назарбаев бастаған Қазақстан өкіметі айыллын жимайды, ештеңеден именбейді. Ал, не істейсің? Қолыңнан келсе қылыш ал! Шулайсың, дүрлігесің, қоясың, көнесің деп отыр.

Қазақтың бүгінгі, өзінің ата-жұртындағы, адамгершіліктен тыс, қорлықты, кембағал ахуалын түгендереп біту мүмкін емес, тізе берсен, сөздің ұшығына жетпейсің. Түйіп айтқанда, өкіметімнің бар ісі – қазақ өнбеуге тиіс, өспеуге тиіс, еңсесі жазылып, бой көтермеуге тиіс деген катаң қағида шенберінде.

Ұлы көш тоқтады. Мүмкін, екі-үш жыл, мүмкін, бес-он жыл. Бәлкім, құрдасымыз екеуіміз бірге жететін 2050 жылға дейін және одан кейін де. Бірақ осы қапысыз есептің өзінде еріксіз қате бар. Бүгінгі қазақ халқының республика шегіндегі жиын саны – 11 миллион. Мұншама жанды түгелімен қырып тастай алмайсыз, Арктикаға, немесе Антарктикаға көшіріп жіберу қолдан келмейді. Оның үстіне бұл 11 миллион жыл сайын кемі екі жұз мыңға өсіп жатыр. Қазақтың бар қатынының жатырын буып ұстау мүмкін емес. Енді төрт-бес жылдан соң 12 миллион болады, пайыздық есебі – 70-тен асады. Әуелгі коммунизм межесі – 2030, кейінгі ұжмақ елесі – 2050... және одан арғы жылдарда тағы да еселеп көбейеді. Егер осы аралықта Жер шары қақ айрылып жарылса, онда да арман жоқ, қазіргі отаршыл орыспен, болашақ отаршыл қытаймен бірге кетеміз. Жарылмайды, кетпейміз. Кететін – бірі өкіміне сенген, бірі жазуына сенген екі кісі және сол екеуінің, ана жақтағы шіріген бай, мына жақтағы құбатөбел, ашқұрсақ замандас кіслері ғана. Қазіргі жас – ел ағасы болады, қазіргі бала – ұлттың тұғыры болады. Біз әрқайсымыз өз тарабымыздан атқара алмаған, яғни қазақты тақыр-таза құртуға қауқары жетпеген және керісінше, есіріп, еркіндікке де шығара алмаған, қарама-қайшы әрекет атаулының күні өтеді, жаңа замандағы жаңа ұрпақ шын мәнісіндегі тәуелсіздік туын көтереді! Қазақты ауыздықтап әкелген Кеден одағы да, отаршылдық заманын қайта туғызатын басқа одақтар да адыра қалмақ.

Иә, енді ғана еске түсіп отыр. Мемлекеттік тіл жайында айтпаппыш. Бүгінгі күнде Қазақстан аталатын елдегі мемлекеттік тіл – орыс тілі.

Жағдайы өте жақсы. Қазақ тілі, менің ана тілімнің жағдайы одан да артық. Қазақ аталатын 11 миллион халықтың анық 10–10,5 миллионы, бәлкім, одан әлдеқайда көшпілігі осы тілде сөйлейді. Он бес ғасырлық ұланғайыр әдебиет туғызған, бүгінде ұлттық мұратты айғактайдын қуатты ұлгілер жасап жатқан, жаңа дәуірде жаңа өріске шыққан ұлы тіл. Өкіметің мен парламентің қолданбаса, одан кеміп қалған жері жок. Қай заманда компартия құрылтайлары, басқа да қоғамдық ұлken жиындар қазақша етіп еді. Қашан қожайын жүрт, билеуші тап сенің қазақша сөйлегенінді ұнатып еді. Бәрі орысша болатын. Қазір де солай. Ұлттық мемлекетің жок, соған орай ұлттық тілің де қағажу көріп отыр. Қазіргі, қазақ атын жамылған дүбара құрылым – Қазақ елі, нағыз Қазақстан болып қайта жаңғырған кезде президентің де, парламентің де қазақша сөйлейтін болады. Сен жалынып сұрамасаң да. Өз күндері үшін.

Осылмен, бүгінгі, тақырыбымызға тікелей қатысты, кеудеде тұнған қыжылдың бір парасы ғана сыртқа шықты деп білініз. Біз ашқан жаңалық емес, жалпы жүртқа белгілі, ақиқат жағдай деп мана ескерттік.

Иә, тағы да. Айтып тауса алмас сұмдық. Тұніліп, түгесіліп отырып, бастапқы сөзіміздің түйінін ұмытып барады екенбіз. Қазіргі Қазақстан өкіметі неге қазаққа қарсы деген. Айтпай-ақ түсінікті болса керек. Азды-көпті уақыт өтеді. Енді, дүние кері айналған кезде, осыншама жойдасыз қылмыстың сұрауы болмай ма. Жерді кім сатты? Қазына-байлықты талауға берген кім? – деген. Ұйғыр сұрамайды. Кәріс пен күрд, дүнған мен чукча, тіпті, орыстың өзі сұрамайды. Бір заманда жер иесі болған, енді ес жиып, еркін елінің тізгінін алған қазақ сұрайды. Менің атабабамның неше мың жылдық қонысы, менің халқым иеленуге тиіс қазына-байлық дейді. Қазақ жер бетінен көшіп кетсе, осының бәрін кім жоқтамақ. Біздің бүгінгі, түр-тұлғасы қазақ, бірак бар ындыны бұзық, ниет-піғылы кәпір қожайындарымыз оншама ақылсыз болмай шықты. Қазақ одан әрмен кетсін, тек бауырыма басқан байлығым өзімде қалсын, өткендеңі қылмысты істерім ұмытылсын деген есеп. Оның үстіне, Қазақстанды әлемдік отар қалпында ұстауға мүдделі алып көршілердің тілін табасың да, жайлы орынында нық отырасың. Екі жаққа бірдей тиімді ойын. Аралықтағы құнсыз қазақ қана құрбанға шалынбақ. Ал біздің байыбымыз басқаша. Қаншама жанықсаның да, қалай тыптырласаның да іске аспайтын далбаса қиял.

Ол анық – қазақ халқы Жер-әлеммен бірге жасайды!

16–20.IX.2013,
Карловы Вары.